



«№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі»

Кітапхана жұмысының айлық жоспары

Қыркүйек айы

2025-2026 оқу жылы

Р/с	Тақырыбы:	Мақсаты:	Уақыты	Орындалуы	Жауапты
1.	«Кітап-білім бұлағы»	Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Тамыз Қыркүйек	Оқулық тарату	Кітапханашы
2.	5-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің ғасырларға аманат»	Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін үйрету;	Қыркүйек	Көрме, әдеби кеш	Кітапханашы
3.	Балалар кітапханасы жобасы аясында «Менің сүйікті ертегі кітабым»	Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру	Қыркүйек	Оқырмандар арасында кітап оқу сайысы	Кітапханашы
4.	«Кітапханаға саяхат»	Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру; Кітапты сүйеге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.	Қыркүйек	Саяхат	Кітапханашы

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

**«Кітап-
білімбұлағы»
(кітап тарату)**

Кітапханашы: Г.Сариева

2025-2026оқу жылы

Оқулық тарату науқанының анықтамасы

Тақырыбы: «Кітап – білім бұлағы»

Мектеп кітапханасы 2025–2026 оқу жылына арналған оқулықтарды тарату жұмыстарын жоспарға сай жүзеге асырды. 1–4 сынып аралығындағы оқушылар 100% оқулықпен қамтамасыз етілді.

Мақсаты:

- Жаңа оқу жылының басталуына орай 1–4 сынып оқушыларын қажетті оқулықтармен толық қамтамасыз ету.
- Оқулықтардың есепке алынуын және әр оқушыға дұрыс бөлінуін қадағалау.
- Оқушыларға кітапқа ұқыпты қараудың маңыздылығын түсіндіру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.
- Кітапхана қорын тиімді басқару.

Тарату тәртібі:

1. **Кесте жасау:** Сыныптардың оқулық алу кестесін құрып, оқушыларға және сынып жетекшілеріне алдын ала хабарлау.
2. **Оқулықтарды дайындау:** Таратылатын оқулықтарды сыныптар бойынша сұрыптап, дайындау.
3. **Есепке алу:** Әр оқушыға берілген оқулықтарды арнайы оқулық тарату парағына тіркеу. Оқушының және ата-анасының (немесе сынып жетекшісінің) қолын алдыру.
4. **Түсіндіру жұмыстары:** Оқулықтарды дұрыс пайдалану, оны күтіп ұстау, мұқабамен қаптау, кірлетпеу, беттерін бүктемеу, сурет салмау сияқты ережелерді еске салу.

Оқулықпен қамтамасыз ету мәліметі:

Сынып	Оқушылар саны	Қамтылған оқулықтар саны	Қамтылу пайызы
1 сынып	100 оқушы	601 дана	100%
2 сынып	120 оқушы	963 дана	100%
3 сынып	120 оқушы	1068 дана	100%
4 сынып	120 оқушы	1122 дана	100%

Жалпы, мектеп бойынша 460 оқушы оқулықпен толық қамтылды. Қосымша әдебиеттер мен әдістемелік құралдар мектеп кітапханасында оқушылардың пайдалануына қолжетімді.

Бұл жұмыс «Кітап – білім бұлағы» қағидатын ұстана отырып, оқушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылды.

Түркістан облысы
Шардара ауданы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«Тіл әр халықтың байлығы»



Кітапханашы: Г.Сариева

2025-2026оқу жылы

Мәлімет

5 қыркүйек – Тілдер күніне орай мектеп кітапханасында «Тіл әр халықтың байлығы» атты кітап көрмесі өткізілді. Іс-шараға 2-4 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: оқырмандарға мемлекеттік тілдің маңызын, қасиетін ұғындыру, өз тілін құрметтеуге шақыру. Кітап көрмесіне А.Байтұрсынұлының тіл танымдық мұрасы және басқа кітап мұрасы қойылды.

Оқушылар өз өнерлерін көрсетті: өлең оқыды, мақал-мәтелдер айтты. Тіл - ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, Қазақстанда тұратын барлық халықтарың тілдерін құрметтеу, кітапты оқуға тарту, оқу мәдениетін арттыру, Қазақстандық патриотизмді нығайту.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде Тілдер
мерекесіне орай «Тіл әр халықтың байлығы» атты кітап
көрмесінен көріністер



Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

**«Балалар кітапханасы жобасы»
«Менің сүйікті ертегі кітабым»**



Кітапханашы: Г.Сариева

2025-2026 оқу жылы

Мәлімет

Тақырыбы: *«Менің сүйікті ертегі кітабым»*

Форматы: Кітап оқу сайысы

Мақсаты: Балалардың ертегі кітаптарына қызығушылығын арттыру, әдеби сөйлеу дағдыларын дамыту, оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Мектеп кітапханасында бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен «Менің сүйікті ертегі кітабым» атты кітап оқу сайысы өткізілді.

Сайыс барысында оқушылар өздері оқыған сүйікті ертегілерінің мазмұнын баяндап, үзінділерді мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар, ертегі кейіпкерлерін тану, тәрбиелік мағына шығару сияқты танымдық тапсырмалар орындады.

Іс-шара өте қызықты әрі мазмұнды өтті. Оқушылардың көпшілігі кітапқа деген сүйіспеншілігін, сахнада өз ойын жеткізе білу қабілетін көрсетті. Барлық қатысушылар марапатталып, сайыс қорытындысы бойынша үздіктер аталды.

Менің сүйікті ертегі кітабым



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

«Кітапханаға саяхат»



Кітапханашы: Г.Сариева

2025-2026оқу жылы

Мәлімет

Тақырыбы: «Кітапханаға саяхат»

Мақсаты: 1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру, кітапты күтіп ұстауға үйрету, кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру.

Мектеп кітапханасында 1-сынып оқушыларына арналған «Кітапханаға саяхат» атты танымдық іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар кітапхана құрылымымен, жұмыс тәртібімен және кітапты қолдану ережелерімен танысты.

Балалар ертегі, өлең, танымдық әдебиеттермен танысып, ойындар ойнады.

Оқушылар белсенділік танытып, кітапқа қызығушылық білдірді.

Іс-шара соңында балалар алғашқы кітаптарын алды және кітапхананың тұрақты оқырманы атанды.

